

2015 жылға арналған Арал ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 15-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда № 4865 болып тіркелді. 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған Арал ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Жанұзақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

А. МҰХИМОВ

Аудан әкімдігінің

2015 жылғы "20" қаңтардағы

№ 15-қ қаулысына қосымша

2015 жылға арналған Арал ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі

1. Жасы елуден асқан жұмыссыз адамдар.
2. Отбасында бірде-бір адам жұмыс істемейтін адамдар.
3. Ұзақ уақыт жұмыс істемейтін адамдар (бір жылдан артық).
4. Техникалық және кәсіби білім беру оқу орындарының түлектері.